Кәсіби лексиканы оқытуда топтық әдісті қолданған тиімді. Оқытудың бұл әдісі студенттердің топтық іс-әрекет дағдыларын дамытады, сұрақтарды талдауға барлық топтың қатысуын қадағалайды; шешім қабылдау, басқару дағдыларын игеруге, іскерлік қабілеттерін дамытуға және кәсіби деңгейде талдай білуге үйретеді. Бұл талаптарды орындау жоғары оқу орындарының түрлі мамандықтарында оқитын студенттер мен тіл мамандарына үлкен міндеттер жүктейді. Әрбір мамандықтың өз саласында қолданылатын терминдері мен іс қағаздарының түрлері бар. Мысалы, экономика мамандығы бойынша сауда, төлем, валюта, банк, кредит, есеп айырысу, депозиттерге байланысты, кеден, салық жүйесінің қызметтеріне қатысты түрлі қызмет қатынас-қағаздары толтырылады. Сондықтан мамандыққа сай оқыту жұмысы мамандыққа байланысты терминдер мен сөздерді игеру барысында іске асады. Тіл мамандары ең алдымен, мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне меңгерту ұстанымдарын, ерекшеліктері мен әдістерін кешенді қарастырып, білім беруді жүйелі түрде ұйымдастыруы керек. Қазақ тілін оқыту әдістері өзге ұлт өкілдеріне екінші тілді оқыту ұстанымдарына негізделеді. Қандай да бір тіл болмасын, оны екінші тіл ретінде оқытуда – оқытушы сабақта сөйлеу әрекетінің негізгі бес түрінің орындалуын қамтамасыз етеді: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, сөйлесім. Екінші тілді үйретуде кәсіби лексиканы дамыту жұмыстарының барлық түрі тұтас, яғни кешенді қарастырылады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту жұмысы тақырыптық принципке негізделеді.

Мәтін сабақта жүргізілетін барлық жұмыстарға негіз болады. Мәтінмен жұмыс жүргізуде де, грамматиканы түсіндіруде де атқарылатын негізгі жұмыс – кәсіби лексиканы дамыту жұмысы. Мемлекеттік тілді оқыту жұмысы коммуникативтік бағытта функционалды-жүйелік әдісті қолдану негізінде, салыстырмалы грамматиканы тиімді пайдалану арқылы іске асады. Әсіресе, интерактивтік әдістер (сұрақ-жауап әдісі, аударма әдісі, жобалау технологиясы, қарқынды оқыту технологиясы, дамыта оқыту, ұжымдық, проблемалық оқыту технологиялары, модульдік оқыту технологиялары) кәсіби лексиканы меңгертуде – кәсіби бағдарлық жолмен меңгерту, мамандыққа байланысты мәтіндерді ауыспалы жұптық жұмыстар жүргізу арқылы меңгерту, топтық жұмыстары, кәсіби-іскерлік жұмыстарды тиімді қолдану арқылы кәсіби лексиканы меңгерту оқытушыдан көп ізденісті талап етеді. Орыс топтары үшін қазақ тілінде сөйлесе білуді іске асыратын, студенттердің қоғамдық ортада пікір алмасуын, олардың түсінісу қажеттігін өтейтін, тілдік білімді жылдам меңгертуді қамтамасыз ететін тиімді әдістердің бірі – ұжымдық оқыту әдісі.

Ұжымдық оқыту әдісі туралы ғалым Ф.Ш.Оразбаева: «Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз – тіл үйренушілердің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұқбаттасу арқылы олардың бірін-бірі оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып: әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы» [3, 129], – деген анықтама береді.

Ұжымдық әдіс студенттердің бір-бірімен жұптасып немесе алмасып жұмыс істеуіне құрылған. Ұжымдық әдістің негізгі белгілері мыналар болып табылады: топ студенттерінің

ортақ мақсаттарын анықтау; топтағы студенттердің қызметтері мен міндеттерін ажыратып көрсету; өзара ынтымақтастық және достық қарым-қатынастың болуы, бір-біріне көмек көрсете білу; студенттерді бірінің жұмысын бірі бағалауға, бақылауға, басқаруға үйрету; барлығы бірі үшін, бірі барлығы үшін әрекет ету; студенттер арасындағы теңдік, бірлік қатынасты іс жүзіне асыру. Кәсіби қазақ тілін оқытуда ұжымдық әдісті пайдаланудың мақсаты – әр студент білімінің жоғары деңгейге жетуіне мүмкіндік беру, білімді меңгеруде күш пен уақытты аз жұмсай отырып, көздеген жетістіктерге қол жеткізу. Бұрын жоғары оқу орындары оқу мазмұнын құрастыруға көп көңіл бөлген болса, енді кредиттік оқу жүйесі жағдайында оқыту, оқу және бағалау арқылы студенттердің «не білетіндігін», яғни студенттердің оқу нәтижелерін анықтауы қажет. Бұрынғы «біліктілік» термині қазір «құзырлылық, құзіреттілік» терминімен ауыстырылған. Бұл дегеніміз, әрбір студенттің кең ауқымды контекст аумағында оқып-үйреніп, өмірде кездесетін небір экстремальды жағдайларда кез келген проблемалық жағдайларды шешуге қабілеттілік танытып, өзінің құзырлылығын дәлелдей білу керектігін білдіреді. Бұрынғы «бүкіл өміріне азық болатындай білім беру» – қазір «өмір бойы өздігімен үйрену» ұстанымына өзгерді. Ал бұл ұстаным студенттерді белсенділендіретін оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді. Демек, үйрену мен үйрету – тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, жоғары оқу орындарында оқу процесінің негізін интерактивті әдістемелер құрауы керек. Қорыта келе, кәсіби лексиканы оқыту және оқу – мемлекеттік тілді мамандыққа сай меңгерту – жоғары оқу орнынан бастау алады. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертуде тіл мамандары оқу топтарының білім деңгейіне, әрбір сабақтың тақырыбына қарай түрлі әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды жан-жақты, әрі үйлесімді қолдану арқылы мемлекеттік тіліміздің дамуына, әрбір маманның (бүгінгі студенттің) келешекте еркін сөйлеп, мамандық бойынша терминдерді жақсы меңгеріп, іс қағаздарды кәсіби тілде сауатты жаза алуын қамтамасыз ету.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2005. – 19 ақпан, – №32 –33.
2. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2001. – 301 б.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.

### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

*Садыханова Ш.К.*

Қазақстан Республикасы ПМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Білім беру саласында жаңа технологиялармен, заманауи инновациялық әдістемелер арқылы оқыту – бүгінгі заман талабы. Бұл жайлы «Қазақстан 2050» стратегиясында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «...бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн жүйелерін белсене дамыту керек болады. Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» деген ойды жүзеге асыру мәселелерін қарастыру қажет [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шынға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»- деп көрсетілген [2].

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне қадам басуына сәйкес, оқу үдерісінде педагогикалық және ақпараттық технологиялардың кеңінен

қолданылуына, білім берудің жаһандану жағдайы маман құзыреттілігін қалыптастыруды, олардың дара тұлғалық сапасын дамытуды талап етіп отыр. Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – қоғамда болып жатқан өзгерістерге шығармашылық тұрғыдан қарай алатын, алға қойылған мәселені сапалы шеше білетін, терең теориялық біліммен қаруланған, іскерлік қабілеттілігі мен кәсіби деңгейі жоғары, еліміздің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатын жоғары білікті мамандарды дайындау. Ол құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы шешімін табуда. Құзыретті білім беруді іске асыру әдістемелік және теориялық мәселелерді шешудің жолдарын қарастырады. Құзыретті білім беру тәсілдерінің қызметі әдістеме ілімінде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының ауқымды салмағын анықтайтындай. «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы, тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады» [3]. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алуы қажет. Жоғарыда берілген анықтамалардың негізінде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын былайша түсіндіруге болады: құзырет нақты өмірлік жағдайда тиімді қызмет ету үшін тұлғаның өз білімін, біліктілігі мен дағдыларын жұмылдыруға дайындығы болса, ал құзыреттілік тұлғаның өзіне қатысты құзыреттіліктерді меңгеруі, иеленуі, яғни біліктілік пен қызметтілікке деген оның жеке қарым-қатынасы [4].

Білімнің нәтижеге айналуы – оқытудың ең негізгі әрі басты мәселесі. Оқыту барысында күтілетін білім нәтижелерін айқындайтын құзыреттіліктер деңгейінде көрінеді. Студент оқу-танымдық, ақпараттық-технологиялық, коммуникативтік, әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерді игеру нәтижесінде білімді де білікті, кәсіби даярлығы жоғары, бәсекеге қабілетті маман бола алады. Бәсекеге қабілетті маманның білімділігі мен біліктілігін өз қажетіне қарай ұштастыруға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға т.б. құзыреттіліктердің маңызы ерекше. Жоғарыда аталған құзыреттіліктің әрқайсысы білім, біліктілік пен дағды және құндылықтардың үлкен кешенінен тұрады. Құзыретті маман даярлау мақсатында білім алушылардың білімділік белсенділігін арттыру технологиясы бойынша білім беру мақсаты – студенттерге білім беру арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабілетті маман ретінде дамуына көмектесу. Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған маман дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі жоғары, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті маман қалыптастыру – білім мазмұнын таңдауда қатаң ескерілетін мәселе. Сондықтан әрбір білім алушы өз мамандығына байланысты кәсіби мәселелерді шешу, білім және іскерлік деңгейін көтеру сияқты құзыреттілігімен анықталады.

Білікті де білімді мамандарды даярлау, жас ұрпаққа сапалы білім беруді жан-жақты игеру, оқушының кәсібіне сәйкес байланыстыра жетілдіріп, өз кәсібіне қатысты лексиканы меңгертіп, тікелей мамандықпен байланыстыра оқыту – жоғары оқу орындары үшін өзекті мәселе. Осыған байланысты елімізде білім жүйесін жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту, жоғары оқу орындарында мамандар даярлаудың сапасын арттыру мәселесі бойынша отандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінің маңызы ерекше.

Қорытындылай келе, білім берудің қазіргі жаңа құрылымы және оқу-әдістемесінің өзгеруі оқытушылардың кәсіби шеберліктерін жаңартуын, шығармашылық ізденістерін қажет етіп отыр. Бүгінгі мұғалім жоғары педагогикалық және психологиялық мәдениетті меңгеруге міндетті. Осындай оқытудың жаңа технологияларымен жан-жақты дамыған мамандықтарды даярлауда көптеген өзгерістер енгізіліп білім сапасына назар аударылуда. Осыларды игерген студент келешекте терең теориялық біліммен қаруланған, іскерлік қабілеттілігі мен кәсіби деңгейі жоғары, еңбек нарығының сұранысына сай ғаламдық бәсекеге қабілетті, жоғары білікті маман болары сөзсіз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. Егеменді Қазақстан № 11, 2014 ж. 18 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. -Алматы: ЮРИСТ, 2012. -264 б.
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2008. -30-32-б.
4. Қадашева Қ. «Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі. -Алматы, 2001. -415 б.

## ЖООДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мақубаева Г. А.*

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Инновациялар, жана өзгерістер ретінде, адамның кез келген кәсіби қызметіне тән құбылыс, сондықтан ол зерттеу, саралау және оны оқу үрдісіне енгізу үшін қызығушылық танытады. Инновациялар өз бетінше пайда болмайды, олар жекелеген оқытушылар мен тұтас бір ұжымдардың ғылыми ізденістері мен алғы қатардағы тәжірибелернің нәтижелері болып табылады. Мұндай үрдістің бейберекет түрде дамуы мүмкін емес, ол әрдайым басқаруды талап етеді.

«Инновация» ұғымы латын тілінің «innovatio» деген сөзінен шыққан, ол – «жаңарту», «жақсарту» дегенді білдіріп, құрал және үрдіс ретінде белгілі бір өзгерістің енгізуін талап етеді. Ал, педагогикалық үрдісте, соның ішінде жоғары кәсіби білім беруде «инновация» білім берудің мақсатына, мазмұны мен нысандарына, оқытушылар мен студенттердің өзара қызметінің ұйымдастырылуына жаңа өзгерістерді енгізуді білдіреді [1, с. 98].

Жоғары оқу орнындағы кәсіби білім берудегі инновациялардың бір түрі, ол – қашықтықтан білім беру технологиясын енгізу болып табылады. «Дистанциондық (қашықтықтан) білім беру» (distance education) термині кейбір шетелдік зерттеушілерімен телеоқыту (telp etraining) деп те аталады, өйткені, олар телекоммуникациялардың қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруда ерекше орын алады деп санайды. Дегенмен де, «қашықтықтан білім беру» термині жиі кездеседі. Қашықтықтан білім беру сырттай оқу нысаны түрінде ХХ ғасырдың басында пайда болған [2, с. 101].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын жолдауында: «Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» – деп ерекше атап өтті [3].

**Бүгінгі таңда** Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңының **43 бабына сәйкес қашықтықтан білім беру Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқыту технологиясы ретінде айқындалған [4].**

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде, нақтырақ айтқанда, заң факультетіндегі қашықтықтан білім беру жүйесін құру тәжірибесі сырттай оқу нысаны бойынша оқитын студенттер үшін «СДО Moodle» деп аталатын автоматтандырылған жүйенің пайдалануымен ұйымдастырылған курстарымен байланысты, одан бөтен бұл жүйе өзінің жоғары деңгейдегі дидактикалық әлеуетін іс жүзінде дәлелдей алды.

Әлбетте, заманауи компьютерлік технологиялар білім алушыға білімді беру мен алуан түрлі оқу ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін әдеттегі оқу құралдарымен бірдей, ал кейбір кездерде олардан да тиімдірек қамтамасыз ете алатынын байқауға болады. Тәжірибеге

сүйенетін болсақ, көптеген жағдайларда оқу курстарының сапасы мен құрылымы, сондай-ақ қашықтықтан білім беру кезіндегі оқыту сапасы, әдеттегі оқыту нысандарына қарағанда, жақсырақ болып табылатындығын дәлелдейді.

И.М. Ибрагимовтың айтуынша Интернет жаһандық желі арқылы қолжетімді интерактивтік дискілер, хабарландырулардың электрондық тақталары, мультимедиялық гипермәтін секілді жаңа электрондық технологиялар, студентті оқу үрдісіне белсенді түрде қатысуын ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, көптеген әдеттегі оқу орталарға қарағанда бұл процесті басқаруға мүмкіндік береді. Дыбыс пен қозғалыстың, бейне мен мәтіннің интеграциясы жаңа, өз мүмкіндіктері бойынша бай оқыту ортаның пайда болуына септігін тигізе отырып, оның әрі қарай дамуы студенттің білім алу үрдісіне белсенді түрде қатысу деңгейі одан әрі арта түседі. Қашықтықтан білім алу жүйесінде (СДО) пайдаланылатын бағдарламалар мен ақпаратты жеткізу жүйелерінің интерактивтік мүмкіндіктері, оқытудың көптеген әдеттегі жүйелерінде мүмкін емес студенттермен кері байланысты орнатып қана қоймай, оны ынталандыруға, сондай-ақ олардың арасындағы диалог пен тұрақты қолданысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [5, с. 95].

Қашықтықтан оқыту кезінде интерактивті түрдегі өзара қатынастағы субъектілер ретінде оқытушылар мен студенттер, ал, мұндай өзара қатынасты жүзеге асыратын құралдар ретінде – электрондық пошта, телеконференциялар, нақты уақыттағы диалогтар және т.б. табылады. Бір сөзбен айтқанда, «қашықтықтан оқыту» дегеніміз – оқытушының, ең басты, студенттің өз бетімен ізденуге және жұмыс істеуіне негізделген оқу бағдарламасын құрастырумен сипатталатын оқу үрдісінің ұйымдастырылуын айтамыз. Мұндай оқыту ортасы, негізінен, білім алушының оқытушыдан кеңістік пен уақытта ажыратылғанын сипаттайды, бірақ, дәл сол уақытта, студенттер мен оқытушылар телекоммуникация құралдары арқылы өзара диалог жасасуға мүмкіндіктерінің барлығымен ерекшеленеді.

Қашықтықтан оқыту жүйесі, тиісті мамандық бойынша университеттің немесе қажетті біліктілік деңгейі бар оқытушылардың жоқтығына байланысты, демек, кәсіби даярлық алуға немесе сапалы жоғары білім алу үшін өзге мүмкіндіктері жоқ шалғай аймақтардың тұрғындарына білім алуға мүмкіндік беретіндігі ешкімде күмән туғыздырмайды.

Демек, қашықтықтан оқытудың дамуының басты мәселесі телекоммуникациялық өзара қарым-қатынас ортасына сәйкес келетін оқытудың жаңа әдістері мен технологияларды құру болып табылады. Мұндай ортада білім алушылардың ақпараттың бейтарап тұтынушылары ретінде ғана сипатталуымен қатар, олардың білім алу барысында оқытудың нысанасын өз беттерінше түсінетіндігімен ерекшеленетінін анық байқауға болады.

Бұл орайда, В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев және т.б. авторлардың оқытудың бұрынғы үлгісінің орнын келесі ережелерге сүйенетін жаңа үлгі басуы тиіс деп туындаған ойлары орынды секілді, яғни: оқыту технологиясының орталығында – студент; технологияның басты маңызы – студенттің өз бетінше білім алу қабілетін дамыту; оқытуда белсенді рөл – студентте; оқыту қызметінің негізінде – ынтымақтастық [6, с. 207].

Жоғарыда атап өткеннің негізінде, оқытудың әдістемелері, оқытушылар мен білім алушылардың өзара қызмет ету үлгілері қайтадан қарастыруды талап етеді. Осыған орай, қашықтықтан оқыту технологиялардың дамуына ат салысатын көптеген ресейлік практик-педагогтардың, әдетті түрде берілетін оқу материалдарды тек компьютерлік нысанға айналдырудың негізінде қашықтықтан оқыту курсына алуға болмайтындығы жайлы ортақ пікірлері бар екендігін естен шығармауымыз керек.

Әлбетте, қашықтықтан оқыту курстарының табысты құрылуы мен пайдалануы нақты пәндерге оқыту және білім алу критерийлерін түзету көзқарасынан оқыту мақсаттарын, білім алушыға оқу ақпаратын жеткізудің жаңа дидактикалық мүмкіндіктерін, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологияларына қатысты талаптарды терең саралаудан басталуы тиіс.

Сөйтіп, қашықтықтан оқытудың отандық және шетелдік теориясы мен тәжірибесіне саралау жасағанның негізінде қашықтықтан оқыту технологиясына тән ерекшеліктерді атап өтуге болады, олар: икемділік, модульдік, параллельдік, алыс әсер етушілік, асинхрондық, қамту, рентабельдік, оқытушы мен білім алушының өзге форматы, жаңа ақпараттық

технологиялар, әлеуметтілік және интернационалдық. Атап өткен ерекшеліктер, қашықтықтан оқытудың, білім алудың өзге нысандарына қарағанда, оның артықшылықтарын айқындай отырып, арнайы ерекше талаптарды оқытушыға ғана емес, сондай-ақ білім алушыға да қояды, мұндай талаптар оқытушы мен білім алушының еңбек шығындарын еш жеңілдетпей, керісінше, ұлғайта түсіреді.

Қашықтықтан оқыту жүйесі білім алушылар үшін ең тиімді және «жағымды» оқытудың түрі болып табылатындығына келесі іс жүзінде мүмкін болатын артықшылықтарды атап өтуге болады:

1) білім алу жекеленген қарқында өтуі (білім алудың жылдамдығын білім алушының өзі жағдайы мен қажеттіліктеріне байланысты айқындайды);

2) еркіндік пен икемділік (білім алушы көптеген оқу курстарының кез келген түрін өзі таңдайды, сондай-ақ өз еркімен сабақтардың уақытын, орны мен ұзақтығын жоспарлай алады);

3) қолжетімділік (білім алушы мен білім беру мекемесінің географиялық жағдайы студенттің білім алу қажеттіліктерін шектеу болмайды);

4) мобильділік (оқытушы мен білім алушы арасындағы кері байланыстың тиімді түрде жүзеге асырылуы білім алу барысының табысты болуының негізгі талаптары мен негіздемелерінің бірі болып табылады);

5) технологиялылық (білім беру үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың ең жаңа жетістіктерін пайдалану);

6) әлеуметтік теңқұқықтылық (кез келген білім алушының тұрғылықты жеріне; денсаулық, әлеуметтік және материалдық жағдайына қарамастан білім алуға арналған мүмкіндіктері тең);

7) шығармашылық (білім алушының шығармашылық жағынан өз-өзін көрсетуге тиімді жағдайлар қарастырылады) және т.б.

Әрине, қашықтықтан оқыту технологиясының кемшіліктері де орын алуда, олардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: 1) білім алушы мен оқытушының арасында көптеген жағдайларда тікелей қатынастың болмауы (яғни, жекелеген көзқарас пен тәрбиеге байланысты мүмкіндіктер жоққа шығарылады, демек, алған білімдерді эмоция тұрғысынан түсіндіріп беретін адамның болмауы, әрине маңызды кемшілік болып табылады); 2) бірқатар жекелеген-психологиялық жағдайлардың болу қажеттілігі (қашықтықтан білім алу үшін қатаң өзіндік тәртіп, яғни өзін-өзі ұстай білушілік қажет, өйткені, білім алудың нәтижесі студенттің сана-сезімі мен өз бетімен жұмыс істей алу қабілеттілігіне тікелей байланысты); 3) ақпарат көздеріне қолжетімділіктің әрдайым болу қажеттілігі (білім алу үшін жақсы техникалық жабдықталу қажет, бірақ, білім алуды қалайтындардың барлығында компьютер мен Интернет желісіне шығу мүмкіндігі жоқ); 4) әдеттегідей, білім алушылар, тәжірибелік білімнің жоқтығын сезінеді; 5) білім алушылардың үстінен әрдайым қадағалап бақылаудың жоқтығы (бұл жәйт қазақстандық студент үшін өзінің кері әсерін тигіздіреді); 6) оқыту бағдарламалары мен курстар тиісті сапалы түрде дайындалмауы мүмкін (оның себебі – біліктілігі жоғары мамандардың аздығы) және т.б.

Қорыта келе, қашықтықтан білім беру технологиясының кемшіліктеріне қарағанда оның артықшылықтар саны көбірек. Демек, бүгінгі таңда, қашықтықтан оқыту студенттерге білімнің, ақпараттың әдеттен тыс көздеріне жол ашады, өз беттерімен жұмыс істеу тиімділігін арттырады, шығармашылық, түрлі кәсіби қабілеттерді меңгеру және бекіту үшін жаңа мүмкіндіктерді береді, ал, оқытушылар үшін білім берудің қайталанбас, бірегей, жаңашыл нысандары мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытудың дамуы интернет-технологиялар мен қашықтықтан оқыту әдістерінің жетілдірілуіне байланысты әрі қарай өзінің дамуын жалғастыратындығына кәміл сенемін.

#### ***Библиографиялық тізім:***

1. Кларин М.В. Инновации в обучении. Метафоры и модели. М.: Наука, 2015. – С. 98.
2. Гозман Л.Я., Шестопал Е.Б. Дистанционное обучение на пороге XXI века. Ростов-н/Д.: Мысль, 2009. - С. 101

3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан// <http://adilet.zan.kz/>
4. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2016.22.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)// <http://online.zakon.kz/>
5. Ибрагимов И.М. Информационные технологии и средства дистанционного обучения: Учеб. пособие для студ. вузов. М.: Академия, 2005. – С. 95.
6. Педагогика: учеб. пособие для студ. пед. учеб. завед. / В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов. 4 изд. М.: Школьная Пресса, 2002. – С. 207.

## **ПАТРИОТИЧЕСКОЕ И ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ ПОСРЕДСТВОМ ИХ УЧАСТИЯ В ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*Манатов А.А.*

Костанайский государственный университет имени Ахмета Байтурсынова

В программной статье Президента нашей страны Н.А.Назарбаева «Рухани жаңғыру» обосновывается на необходимости модернизации общественного сознания. На основе укрепления чувства патриотизма, которая рассматривается как фундамент общества и государства, опорой их жизнеспособности и необходимым условием эффективного функционирования всей системы социальных и государственных институтов. Поэтому развитие патриотизма и гражданственности казахстанской молодежи является одним из приоритетных направлений государственной молодежной политики[1].

При этом патриотизм это нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь к отечеству, гордость за его прошлое и настоящее, готовность подчинить свои интересы интересам страны, стремление защищать интересы родины и своего народа.

Одной из форм формирования патриотизма у студентов является волонтерская деятельность.

Волонтерская деятельность – это добровольная социально направленная, выполняемая по свободному волеизъявлению общественно полезная деятельность, направленная на формирование гражданской позиции, самоорганизации, чувства социальной ответственности, солидарности, взаимопомощи и милосердия в обществе [2].

Волонтерская деятельность выступает одним из главных ресурсов решения общественных проблем и социального развития в Казахстане. Воспитание патриотичного толерантного к государству молодежи является важной задачей любого государства. Именно поэтому встает более остро и актуально вопрос о не только образовании молодого поколения, но и воспитании патриотизма среди молодежи. Если молодежь не занята общественно полезными делами, то, как следствие, растет преступность, так как молодым людям сложно найти свое позитивное применение. Вариантов занять молодежь общественно полезными, позитивными направлениями деятельности достаточно много. Как одно из направлений целесообразно рассматривать развитие волонтерской деятельности [3].

Казахстанское волонтерское движение зародилось не так давно. Еще несколько лет назад слово «волонтер» было достаточно необычно. Поэтому волонтерская деятельность - очень актуальная для Казахстана. В настоящее время волонтерство в стране перешло на новый этап развития. К казахстанцам, особенно молодому поколению, уже пришло понимание того, что добровольный труд на благо общества необходим каждому и является одним из условий формирования патриотизма к своей стране.

Волонтерская деятельность в студенческой среде обуславливается стратегией государственной молодежной политики. Ее развитие направлено на раскрытие потенциала молодежи, активное включение молодых людей в социальную практику.



В настоящее время волонтерская деятельность студентов - один из наиболее распространенных видов общественной активности населения, которая опирается в своем развитии не только на мировой опыт, но и на отечественные традиции добровольчества и благотворительности. При этом решаются задачи оказания комплексной помощи и поддержки нуждающимся людям, прежде всего, в изменении базовых ценностей и ориентиров, помогающих становлению и самосовершенствованию личности, позволяющих человеку вести здоровую, продуктивную и насыщенную жизнь.

Несмотря на то, что волонтерские усилия до сих пор носят фрагментарный характер и не имеют системного подхода, студенты очень активно принимают участие в благотворительной и социальной жизни. Об этом свидетельствуют количественные показатели волонтеров, принимающих участие в организации и проведении спортивных соревнований, благотворительных марафонов, программ поддержки детей с трудноизлечимыми заболеваниями, проектов, реализуемых в детских домах и онкологических отделениях [4].

Основные реализуемые направления волонтерской деятельности, созданных в университете охватывают практически все основные области жизнедеятельности (социальная сфера, образование, культура, экология, безопасность, здравоохранение и др.). Используя волонтерское движение как один из методов патриотического воспитания молодежи, мы вкладываем особый смысл в любое проводимое в университете мероприятие. Причастность к волонтерскому движению помогает понять, что патриот любит свой народ и свое Отечество не за то, что оно дает ему что-то, какие-то привилегии и блага, а просто потому, что это – его Родина.

Высший студенческий совет создает условия для того, чтобы каждый студент имел возможность внести свой посильный вклад в улучшение жизни пожилого человека-ветерана войны и труда; отдавать дань памяти погибшим; протянуть руку помощи; помочь детям-сиротам; внося в их жизнь частицу добра и участия – всеми этими поступками и действиями наши студенты, иногда не осознавая этого, служат интересам своей страны, выполняют свой патриотический долг.

Возможно, в масштабах всей страны вклад этот невелик, но он важен для самих студентов, поскольку дает им ощущение причастности к большому и важному делу; воспитывает деятельных, неравнодушных людей; способствует формированию гражданственности и патриотизма – важнейших духовно-нравственных качеств человека.

Духовно-нравственная составляющая личности студента-волонтера является главным аспектом ее социализации в условиях стремительного развития общества, фактом постепенного и осознанного включения в различные сферы социальной деятельности и общественной жизни. А цели воспитания, прежде всего, неразрывно связаны с адаптацией молодых людей к современному миру. И одним из важнейших направлений, помогающих это реализовать, является волонтерская деятельность, которая, несомненно, формирует культурно-нравственный облик.

На сегодняшний день в университете волонтерская деятельность находится на пике популярности: активные студенты, собираясь в инициативные группы, или присоединяясь к деятельности действующих неправительственных организаций, добровольно и безвозмездно помогают детским домам, специализированным медицинским учреждениям и детям, нуждающимся в какой-либо помощи.

Таким образом, социальные перемены в Казахстане отражаются и на мотивации волонтерской деятельности студентов. В последние годы увеличилось число волонтеров, которые приходят в некоммерческие организации с целью получения необходимого опыта работы, знаний и навыков, реализации своих идей, повышения своей квалификации. И особого внимания заслуживают студенты, активно занимающиеся волонтерской деятельностью.

Основные реализуемые направления волонтерской деятельности, созданные в университете, способствуют в формировании у студентов активной гражданской позицию, чувства патриотизма, духовно-нравственные и лидерские качества.

### Список литературы:

1. [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya).
2. Ожегов, С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: РАН. Институт русского языка им. В.В. Виноградова. 4-е изд., доп. М., 1999.
3. Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. Учебная программа «Мы народ... Проект гражданин»: Пособие по гражданскому образованию школьников Алматы, Научно-информационный центр гражданского образования, 2008г
4. Ахметова А.С., Конева В.Ю., Волонтерское движение: вопросы и ответы: Методическое пособие для руководителей молодежных структур, лидеров детских и молодежных общественных объединений, педагогов-организаторов./ Астана, 2016.

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Мандаева А.Е.*

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті Павлодар қаласы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұйымдастырушылық қабілеті мен көшбасшылық қасиеті бар студенттер арасынан белсенді жастарды, сондай-ақ әлеуметтік жобаларды іске асыру аясында жастар ұйымдарының жетекшілерін даярлау көзделуі де болашақ маманның көшбасшылық қабілетін қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі [6.12]. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2]. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген эзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты.

XXI ғасыр педагогы – рухани дүниесі мен ақыл – өрісі терең дамыған, эстетикалық талғамы мен адамгершілік сапаларды бойына сіңген, көп тарапты әлеуметтік, тарихи білімдермен сусындаған, ақпараттық технологиялармен қаруланған, теориялық білімдері іс-тәжірибеге бағытталған жаңашыл, стратег, бәсекеге қабілетті маман болуы тиіс. Осыған орай болашақ мұғалімдерді, соның ішінде болашақ мұғалімдерін даярлауда олардың кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерін жетілдірумен қатар көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың маңызы зор. Көшбасшылық сапа болашақ мұғалімнің студенттік жылдарында өзін таныту құралы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге өмірдің қатаң күтілмеген қиындықтары жағдайларына жүйелі бірізділікпен әлеуметтік бейімделуі үшін де аса маңызды болып саналады. Оның үстіне көшбасшылық сапа болашақ мұғалімнің өмірде тез өзгеріп отыратын іс-әрекетті жағдайындағы бәсекелестікке қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік туғызады. XX ғасырдың елуінші жылдары жүргізілген көшбасшылықты анықтаудағы

әлеуметтік-психологиялық зерттеулер көшбасшылықтың ішкі және сыртқы механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Көшбасшылық қабілет – көшбасшыға тән адами қасиеттердің, мінез құлықтардың, интеллектуалдық білімдер мен көшбасшылық қабілеттердің, ұйымдастырушылық іскерліктер мен коммуникативтік дағдылардың жиынтығы. Мұндай сапалар адамға көшбасшылық функциялар мен қойылған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ете алады. Көшбасшылық сапаны бірнеше тұлғалық сапаларға бөлектеуге болады, оларды қалыптастырып, дамыта келе, кез келген адам көшбасшы бола алады [1.97]. Қазіргі қоғамдағы жоғары білім берудің көп қырлы құрылымы, еліміздегі жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру жүйесіне кіріктірілуі, олардың сол қоғамның талаптарына сай даму мәселелері білім беру саласына жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етуде. Бүгінгі оқыту-тәрбиелеу саласында ендіріліп жатқан жаңалықтардың барлығы арнайы даярлықты талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қабілетін қалыптасуына мүмкіндік жасау заман талабы.

Осыған орай педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында оқушының ұлттық сана-сезіммен, рухани мәдениетімен сабақтасқан отаншылдық ұстанымдары берік, ғылым негіздерімен қаруланған өзіне сенімді көш бастай алатын жеке тұлға болып қалыптасуын жүзеге асыра алатын кәсіби дайындығы жоғары деңгейдегі мамандар даярлау жолдарын қарастыру міндеті тұр [8.243]. Соның ішінде болашақ мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыруын, өзін-өзі дамытуын, батыл, шешімпаз, топқа ықпал ете алатын қабілеттерін дамытуға бағыттау керек. Осыған байланысты, педагогикалық жоғары мектепалдында педагогикалық міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті педагог дайындау міндеті тұрғаны айқын. Олар төмендегі педагогикалық міндеттерді шеше алатындай болуы керек:

-рефлексивті-талдау (тұтас педагогикалық үдерісті, оның элементтерін, туындаған қиындықтарды талдау және қорытынды жасау т.б.);

-жобалау-болжау (тұтас педагогикалық үдерісті құру, жоспарлау, нәтижені және алынған шешімдердің салдарын болжау); [3.86].

-ұйымдастырушылық-әрекеттік (оқу-тәрбие үдерісінің әртүрлі нұсқаларын іске асыру, педагогикалық қызметтің әр алуан түрінің сәйкестігі);

-бағалау-ақпараттық (педагогикалық жүйенің даму болашағы туралы ақпарат жинау өңдеу, сақтау және оны бағалау);

-түзету-реттеу (педагогикалық үдеріс ағымын түзету, қажетті коммуникативтік байланыстар орнату, оларды реттеп отыру және қолдау) [3.87].

Бүгінгі таңдағы қоғам өмірінің барлық саласындағы өзгерістер білім беру саласына да ықпал етуде. Мектептегі білім беру ісі заман талабына сай болу үшін педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін өз тәжірибелерінде қолдана білетін, шығармашылықпен ойлайтын, өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, дамыта алатын мұғалімдер қажет. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған маңызды міндет осы талаптарға сай мұғалімдер дайындау болып отыр.[7.79]. Жасалған талдау негізінде мұғалім тұлғасын алып қарасақ, оның оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, дос, сырлас, кеңесші, жетекші, көшбасшы қызметін де атқаратынын білеміз. Ол үшін оның өзіндік пікірі, қоршаған ортаға оң көзқарасы қалыптасып, таным қабілеті жоғары деңгейде дамыған болуы қажет. Оқушы тұлғасын қалыптастыруға бағдарланған білім беру мұғалім тарапынан әр оқушының өзіндік жақын даму аймағында дербес қабілетін дамытуға түрткі болу, оларды алған білімін кәдеге асыратын практикалық әрекеттерге баулу, оқушының қолынан келетін істерін қолдау сияқты қиын проблемаларын шешуге көмектесу арқылы жүзеге асады. Осы арқылы оның кәсіби әрекеті қалыптасады. Көріп отырғанымыздай, білім берудің жаңа жүйесіне көшуде мұғалімдердің сыртқы форманы ғана басшылыққа алмауы үшін оның философиясын ұғыну маңызды шарт. Өйткені, оқытудағы басты мақсат – оқушыға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіктеріне сай пайдасын асыра білу [4.54].

Нәтижесінде болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнында олардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуына, қоғамды игі өзгерістермен дамытуға үлес қоса алатын жас ұрпақты тәрбиелеуіне

қажетті тұлғалық, кәсіби сапаларды соның ішінде көшбасшылық қабілетін қалыптастыру қажеттігіне көз жеткіздік. Олай болса «мұғалім көшбасшы қандай болуы қажет?» деген сұрақ туындайды. Осы сұраққа жауап беру мақсатында «**мұғалім көшбасшы**» түсінігін анықтауды жөн санадым. Бұған себеп, біріншіден осы ұғым біздің зерттеу мәселеміздің негізгі түйінді сөзі, екіншіден, мұғалім көшбасшы термині қазақстан ғылымында әлі қалыптаса қойған жоқ. Бұл түсінікті «мұғалім көшбасшы» деп алуымызға басты себеп, көшбасшы сөзі мұғалімнің анықтаушы тұрғысынан қолданылмайды, бұл біріншіден, екіншіден – көшбасшының мұғалім арасынан шыққандығына және көшбасшылықты мұғалімдік қызметте көрсетуіне мән беріледі, үшіншіден қазақстан ғылымында қолданысқа енген «саяси көшбасшы» тіркесінің ұстанымы сақталады [2.61].

Педагогикалық мамандықтың басқа мамандықтардан ерекшеленетін ең басты айырмашылығы – бүкіл мамандықтар табындағы орындаушы тобына жатумен қатар мамандықтың басқарушы тобына да жататындығы. Өйткені мұғалім сынып оқушыларын оқытып, тәрбиелеп, дамытып қана қоймай, сол сыныпты басқарады. Осы тұрғыдан мұғалім оқушының рухани дүниесін қалыптастыруға, зияткерлік, эмоционалдық және физикалық тұрғыдан даму үдерісін басқаруға, оқушының жеке қасиеттерінің дамуына ықпал етуге міндетті. Демек, мұғалім осы айтылғандары нәтижелі жүзеге асыру үшін көшбасшы болуы қажет, көшбасшылық қасиеттерге ие болуы керек. Мұғалімнің басқа әлеуметтік топ, қоғамдық топ мүшелерінің арасынан суырылып шығатын көшбасшыдан айырмашылығы, оны мектеп басшылығы тағайындайды. Ал ұқсастығы, қазіргі демократиялық қоғамда мұғалім өз сыныбының көшбасшысы бола алмаған жағдайда, ол мұғалімге оқушылар қарсылық білдіруі мүмкін. Бұл жағдаят мұғалімінің көшбасшылық сапаларын меңгеріп қана қоймай, оларды дамыту қажеттілігін дәлелдейді [5.28].

Мұғалім осы рөлдерді өзінің қызметімен қатар атқара алғанда ғана көшбасшы бола алады:

*Мұғалім көшбасшы – стратег.* Стратегиялық қырағылыққа, бағыттылыққа ие тұлға. Оның атқаратын қызметіне топтың даму саясатын, болашағын алдын ала болжап білу, ұзақ мерзімді жоспарлар жасау, дұрыс тактика таңдау енеді.

*Мұғалім көшбасшы – сарапшы.* Осы функцияны атқару тұрғысынан көшбасшы нақты ақпарат беруші немесе білікті маман ретінде сипатталады. Сынып оқушылары, ата-аналар, мектеп әкімшілігі, ұжым мұғалімге осы тұрғыдан қатынас жасайды. [2.37].

*Мұғалім көшбасшы – үлгі өнеге.* Көшбасшы топтың басқа мүшелері үшін мінезқұлықтың үлгісі болып табылады, яғни олардың кім болатынын және нені жасауы тиістігінің көрнекі көрсеткіші болып табылады.

*Мұғалім көшбасшы – мадақтау мен жазалаушы.* Көшбасшы топ мүшелерінің іс-әрекетін бақылау мақсатында мадақтау мен жазалау жүйесін қолданады. Көшбасшы әрбір топ мүшесінің іс-әрекетінің жеке мотивациясын, әрбір топ қатысушысына қатысты мадақтау мен жазалаудың өлшемін білуі тиіс. [2.38].

*Мұғалім көшбасшы – жаңалық жаршысы.* Көшбасшы жаңалыққа жаны құмар, жаңалық ашушы, новатор. Бұл оқушылардың алдында оның көшбасшылық тұлғасының жоғарылауына әкеледі.

*Мұғалім көшбасшы – дүниетаным өзгертуші.* Көп жағдайларда лидер топтық дүниетанымды, көзқарасты құрайтын құндылықтар мен нормалардың дереккөзі болып табылады.

*Мұғалім көшбасшы – тәрбиеші.* Топ мүшелерін жан-жақты тәрбиелейді, олардың ізгі, игі қабілеттерін шығармашылық тұрғыдан дамытады, жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

*Мұғалім көшбасшы – әдіскер.* Көшбасшы – үйрету, оқыту шебері. Әдістің барлық түрімен қаруланған, инновациялық технологияларды меңгерген.

*Мұғалім көшбасшы – данышпан.* Көшбасшы білімге құштар, білімпаз жан. Топ мүшелерінің алдында мол білімділікті, терең танымдылықты танытады. Шешен сөйлейді [2.39].

Бүгінгі күнге дейінгі мұғалім даярлайтын оқу бағдарламаларына үніле қарасак, мұғалімдерді көшбасшы тұрғысынан емес, тыңдаушы тұрғысынан даярлауға басымырақ көңіл

бөлінген сияқты. Өйткені олардың тұлғалық құзыреттілігін арттыруға қарағанда оларды бақылауға көбірек мән берілген.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Bogardus E. Leaders and Leadership. -New York, 1934. - P. 138
2. Fairholm G.W. Values Leadership. Toward a New Philosophy of Leadership: N.Y., 1991. 74-80 p.
3. Евтихов О.В. Тренинг лидерства. - СПб.: Речь, 2007. - 256 с.
4. Дилтс Р. НЛН: навыки эффективного лидерства. - СПб.: Питер, 2002. 224с.
5. Кудряшова Е.В. Лидерство как предмет социально-философского анализа: автореф. докт. филос. наук. – М., 1996. – 50 с.
6. ҚР-да білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы ҚР Президентінің 2010 ж. 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

### **ЗАЩИТА ДАННЫХ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСАХ.**

*Махамбетова Г. И., Шекен С.*

Костанайский государственный университет имени Ахмета Байтурсынова

Необходимость защиты программ является неотъемлемой частью разработки программного обеспечения. При разработке системы защиты важно правильно подобрать метод, на котором будет основана система защиты. На сегодняшний день существует множество различных вариантов защиты и множество программ обеспечивающих эту защиту, но количество пиратских копий говорит о том, что ни одна из этих систем защиты программ не дает достаточного уровня защищенности [1].

К проблемам компьютерной индустрии также можно отнести постоянно совершенствующиеся программные вирусы, от которых порой лихорадит весь мир. Постоянные попытки взлома хакерами различных сетей и систем вынуждают создавать все более и более мощные средства защиты. Это лишь часть всего того, что причиняет сегодня вред разработчикам программного обеспечения и их пользователям. Но пока значительных и радикальных побед на этом поле битвы не достигнуто.

Широкое внедрение информационных технологий в работу учреждений образования, культуры и других организаций связано с тем, что открывается перспектива организации широкого доступа к учебным, методическим материалам. Кроме того, информационные системы способны реализовывать трехмерные представления, интерактивные видеуроки, которые тесно взаимодействуют с пользователем и дают более наглядное представление об изучаемом объекте. В итоге образовательные учреждения получают больше возможностей для организации своей деятельности, имеют простую и наглядную систему представления материалов.

При создании таких проектов большая роль отводится правильному построению и изложению информации. Однако не стоит забывать и о технической составляющей, связанной с разработкой и внедрением технологий создания или преобразования, организации хранения, распространения и защищенности электронных фондов различных учреждений.

Традиционной в качестве основного инструмента распространения информации выбирают локальные или Интернет – сети. Также из всех существующих отработанных технологий работы с информацией и вывода ее на экраны конечных пользователей являются Web-технологии. Web-технологии имеют все инструменты для вывода на экран всего спектра информации, включая специфические трехмерные объекта и др., и поддерживаются большинством операционных систем [3].

Для решения задачи защиты образовательных ресурсов предлагается использовать технологию «Клиент – Сервер», где в качестве клиента используется EXE-книга, а сервера – стандартный набор программ, поддерживающих работу Web-сайтов – сервер Apache, MySQL, FTP-сервер и др.[3]..

Выбор формата EXE в качестве клиентской части связана с тем, что обратная декомпиляция этого формата очень дорога, сложна и не позволяет добиться 100%-ного результат – полного восстановления алгоритма программы и используемой в ней графики.

Кроме того, подобные издания обладают самопроверкой суммы SRC, суть которой в подсчете точного размера исходного файла и его сравнения с оригинальными значениями в момент компиляции. Если оригинальная сумма не совпадает с реальной, то программа не запустится. В результате исключается возможность внесения изменений, подделки или заражения EXE формата[2].

Также компиляторы могут программно запрещать копирование текста, графики, их выделение и пересохранение, а также создание копии экрана. К числу таких программ относится eBook Maestro PRO.

Суть технологии «Клиент – Сервер» заключается в следующем:

1. На рабочих станциях и у удаленных пользователей есть клиентское приложение (электронные книги), в котором содержится информации и блок авторизации пользователя.

2. Когда пользователь активизирует ссылку на нужную информацию или сервис, компьютер отправляет запрос на подключение, а также пароль, логин и сам код ссылки на Сервер через аппаратный FireWall.

3. Сервер получает запрос и сверяет данные авторизованного пользователя со своими данными, соответственно разрешая или запрещая доступ пользователю.

4. Если доступ разрешен, то серверный сценарий PHP или ASP анализирует ссылку клиента, создает на основе принятого от клиента пароля соединение с базой данных и формирует страницу конечному пользователю.

5. Сервер отправляет данные конечному пользователю [2].

Однако недостатком такого метода является сформированная страница в уже пригодном для употребления виде, т.е. из нее можно забрать текст, графику путем просмотра временных файлов операционной системы, что повышает многократно уровень риска кражи.

Поэтому предлагается усовершенствовать подобную схему следующим образом:

1. Организовать хранение информации в базе данных в зашифрованном виде на основе разработанных алгоритмов криптографии на языке JavaScript и поместить дешифратор в Клиентскую часть.

2. Если пользователь находится в здании, то рекомендуется использовать посадочные места по принципу терминалов, где пользователь может только запрашивать и изучать информацию, а также выводить ее на сетевой принтер, но не имеет возможности устанавливать любые переносные съемные диски.

3. Если пользователь находится вне здания и заходит на ресурсы через Интернет, то целесообразно использовать Электронный ключ защиты Клиента.

Целесообразность использования Электронного ключа объясняется тем, что они востребованы и с успехом используются много разработчиками программных продуктов, столкнувшимися с необходимостью контроля за распространением лицензий на свою продукцию.

Кроме того, ключ имеет две основных микросхемы – основной блок памяти и микросхему, в которой помещен алгоритм шифрования. Основной блок памяти в схеме расположен всегда после микросхемы шифрования, поэтому обойти блок шифрования невозможно.

Таким образом, защищенную программу нет смысла копировать, так как без ключа она будет не работоспособна.

